

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Жұлдызым менің жоғары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.03.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/25260/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Дюсупова Нурбике**

Құндылық: Дұрыс әрекет

Қасиеттер: Жақсылыққа ұмтылу, адамгершілік пен имандылық, ізгілік, сенім, мейірімділік.

Мақсаты:

Жақсы тілек, сенімінің айнала қоршаған ортаға тигізетін әсерін ұғындыру.

Ішкі сенімдерін дамыту; Ізгілікке тәрбиелеу

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім: Адамгершілік тақырыбы — мәңгілік. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халықта, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет — ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан, күнделікті адамдармен қарым-қатынасынан бойына сіңіреді. «Адамгершілігің төмен болса әділетті бола алмайсың»-деген екен Вовенарг

2. «Жұлдызым менің жоғары»

Тақырып бойынша пікір алмасу сұрақтары:

— Қалай ойлайсыз үлкендер неліктен жұлдызым жоғары болсын деп неге айтқан?

— Өз жұлдызыңыз қандай деп ойлайсыз?

- Адам жұлдызы жоғары болу үшін не істеу керек?
- Әр адамның бойында қандай қасиеттер болу керек?
- Біздің ұлттық мінезіміз қандай?

### 3. Шығармашылық жұмыс

«Жұлдызым менің жоғары» тақырыбына эссе жазу

### 4. Видео: «Жақсылық өзіңе қайтып келеді» (көрсетілімді көрсетіп балалардың пікірін тыңдау)

### 5. Сергіту сәті: караокемен ән айту

### 6. Постер құрау

Кешірімді болу: кек сақтамау, кез келген жағдайда да ұстамды болу

Сөйлесе білу: Ата — анаң, мұғалім мен құрбыларыңмен сөйлескенде сөзді дұрыс, орынды қолдану керек, сөйлегенде дауыс ырғағына да мән беру керек

Әділ болу: ізеттілік, айналасыңдағыларды құрметтеу, кішілік мінез таныту

Қайырымдылық – айналадағы адамдарға ізгілікті іс жасау. Қайырымдылық бар жерде қатыгездікке жол жоқ. Өзгелер үшін жасалған ізгілік адам жанын нұрландырады, адамдық мәртебесін көтереді.

Кешікпеу – бұл дағдыны адам өзіне бала жастан дарытқаны жөн. Кешігу адамдарды сыйламау. Оқуға немесе туған күнге, кештерге кешігіп бару барып тұрған мәдениетсіздік. Уәделі жерге ерте бару керек, кешіккен жағдайда кешірім сұрау керек.

Сабырлылық – адам бойына екі жолмен дариды, бірі туа біткені де, екіншісі адам өзін-өзі тәрбиелеу жолымен келеді. Сабырлылық адамның өз мінез-құлқына ие бола алатынын көрсетеді.

Имандылық: Иманды адам дәрекілікке бармайды, ата-анасын ардақтайды, кісіге қиянат жасамайды. Имандылық бар жерде рухани тазалық бар, сенім бар.

## 7. Тыныштық сәті.

Көзімізді жұмып, еркін жайғасайық. Енді, бүгінгі өткен сабағымыздан нені түсіндік, қандай жақсы нәрселерді үйрендік, өзімізге нені алдық сол жөнінде ойланайық. Осының барлығын жүрегімізге салып, көкейімізге түйіп алайық. Жайлап, көздеріңізді ашуға болады. Бүгінгі керемет сабақ үшін сіздерге көп рахмет!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.